



ЕУРОПА ОДАҒЫ

Алматы, 27 ақпан 2013 ж.

А 104/13

Ағылшыннан ресми емес аударма

**Алматы, 2013 жылғы 27 ақпанда ЕЗ+3-ің Иранмен келіссөзден кейінгі
ЕО Жоғарғы өкілі Кэтрин Эштонның мәлімдемесі**

Еуропа Одағының Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі Жоғарғы өкілі және Еуропалық комиссияның вице-президенті бүгін мынадай мәлімдеме жасады:

«Бүгінгі күннің басты нәтижесі – бұл наурыз айында Стамбулда техникалық сарапшылар арасында отырыс өткізуге уағдаласқанымыз. Бұл өте маңызды, себебі бұл – ирандықтар үшін өздерінің техникалық мамандарымен біз берген ұсынысты толық зерттеу мүмкіндігі. Сондай-ақ, біз саяси деңгейде Алматы қаласында сәуірдің басында қайта кездесуге келістік.

Біз сенімді нығайту жөніндегі ұсыныс деп, ұсыныс бердік. Бұл Иран үшін олардың ядролық бағдарламасының тұтас бейбіт түп негізіне халықаралық бірлестіктің сенімін артатын бірқатар алғашқы қадам жасау мүмкіндігі, өз тарапымыздан біз де осыған ұқсас жауап береміз. Кейін бұл маңызды әңгімеде бізге одан әрі жылжуға мүмкіндік берер еді. Біздің үмітіміз бен ұмтылысымыз – нақты елеулі нәтижелерді көру және Иранның осы ұсынысты қарауы».

Бүгін Алматыда бұл ұсынысты зерттеу үдерісі бар сияқты сезіледі. Бірақ нағыз оптимизм нақты прогресті көргенде келеді. Бұл дегеніміз біздің осы ұсынысты қарау үшін Иранның алға жылжығанын көруге, оның ұсыныспен келісуге және өз бөлігінде міндеттемелерін өзіне алуға біздің ынтамызды білдіреді. Міне осы нағыз прогресс болады және оптимизм үшін нақты себеп болады.

Біз өз ұсыныстарымызды бердік, оларды мен бірінші пленарлық отырыс барысында толық сипаттадым және талқылауды талап ететін кейбір негізгі техникалық мәселелердің барын атап өттім.

Сарапшылар талқылағаннан кейін және осы техникалық сұрақтарды егжей-тегжейлі түсінгеннен кейін Иран бізге осы ұсыныстардың жауабын беруге тиіс, бүгінгі жағдай осындай. Бұл саяси деңгейде өтетін келесі кездесу барысында күтіледі, әрине онда да осы елеулі нәтижелерге қол жеткізуге тырысамыз».

Б А С П А С Ө З

Қосымша ақпарат: **Michael Mann** +32 498 999 780 - +32 2 584 9780 - Michael.Mann@eeas.europa.eu

Maja Kocijancic +32 498 984 425 - +32 2 298 65 70 - Maja.Kocijancic@ec.europa.eu

Sebastien Brabant +32 460 75 09 98 – Sebastien.Brabant@ec.europa.eu

Eamonn Prendergast +32 460 753 293 - +32 2 299 88 51 – Eamonn.Prendergast@ec.europa.eu

Twitter@eu_eeas

www.eeas.europa.eu